



Жылу энергиясын өндіру бойынша қызмет көрсетудегі "Qarmet" АҚ ЖЭО-2 -нің қызметі туралы жыл сайынғы есебі

"Qarmet" АҚ ЖЭО-2 Теміртау қаласын орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың негізгі көзі болып табылады. "Qarmet" АҚ металлургиялық комбинатын технологиялық бұмен, тұзсыздандырылған сумен, жылытуға, желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға арналған ыстық сумен қамтамасыз етеді.

«Qarmet» АҚ ЖЭО-2 комбинат пен қаланы энергиямен және жылумен жабдықтау үшін 1973 жылы пайдалануға берілді. 1996 жылғы мамырдан бастап «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі, 2024 жылғы қаңтардан бастап «Qarmet» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

ЖЭО-2 негізгі отын ретінде «Qarmet» АҚ «Восточная» ОБФ өнеркәсіптік өнімі, сондай-ақ «ЕЭК» АҚ «Восточный разрез» Екібастұз көмір бассейнінің КАЖТМ маркалы көмірлері пайдаланылады. Энергетикалық қазандықтар үшін жағу отыны М-100 маркалы жағу мазуты болып табылады.

Белгіленген жылу қуаты - 1012 Гкал, қолда бар жылу қуаты - 735 Гкал/сағ. Жылу энергиясы мынадай арақатынаста бөлінеді: қала - 52%, комбинат - 48%.

№ 7 қазандық агрегатын пайдалануға берумен (2кв. 2025 ж.) ЖЭО-2 жылу қуатының ұлғаюы 60 Гкал/сағ құрады, бұл жылыту кезеңінде Теміртау қаласын жылумен жабдықтауға оң әсерін тигізеді.

Жылу желісінің температуралық кестесі 100/570 С. Ыстық сумен жабдықтау жүйесі - ашық. Жылу желісін қоректендіру «Казводхоз» РМК «Қаныш Сәтпаев атындағы арна» филиалының су көзі ХСТ-3 химиялық тазартылған сумен жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің штат саны - 631 адам. 2025 жылдың 1 жартыжылдығындағы нақты орташа тізімдік саны 545 адамды құрады.

1. 2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер

2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы ЖЭО-2 қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері:

- 01.07.2025 ж. негізгі құралдардың баланстық (қалдық) құны (АКҚ ескере отырып)	64 732 076 мың тенге
- Жылу энергиясын өндіруге арналған барлық шығындар	7 364 079 мың тенге
- Пайда (шығын)	-1 451 723 мың тенге
- Көрсетілетін қызметтердің көлемі	1 398 735 Гкал
- Жылу энергиясының өзіндік құны	5 264,81 тенге/Гкал

2. Жылу энергиясын өндіру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі

Бекітілген тарифтік сметада көрсетілетін қызметтердің көлемі жартыжылдықта 1 364 070 Гкал.

2025 жылдың 1 жартыжылдығында тұтынушыларға іс жүзінде босатылғаны - 1 398 735 Гкал:

оның ішінде «Окжетпес-Т» ЖШС - 709 631 Гкал,

«ПМХ-21» ЖШС - 3 783 Гкал,

«Qarmet» АҚ - 685 321 Гкал,

бұл тарифтік сметада көзделгеннен 34 665 Гкал немесе 2.5% жоғары.

3. Тұтынушылармен жұмыс

Есепті жылы тұтынушылармен жылу энергиясын босатуға шарттар жасалды:

«Окжетпес-Т» ЖШС, «ПМХ-21» ЖШС.

Жылу энергиясын есептеудің коммерциялық аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылған. Өндірілген және босатылған жылу энергиясының мөлшері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, ал уақытша істен шыққан жағдайда - нормативтік-техникалық құжаттар негізінде есептеу жолымен айқындалады.

2025 жылдың 1 жартыжылдығындағы қызмет сапасы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына және жылу энергиясын босатуға жасалған шарттардың талаптарына сәйкес келеді.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау.

13.08.2019 жылғы № 73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру ережесінің (бұдан әрі мәтін бойынша - Ереже) 323-тармағына сәйкес табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып бекітілген табиғи монополиялар субъектілеріне тарифтер белгіленеді. «Qarmet» АҚ ЖЭО-2 кәсіпорны үшін жылу энергиясын өндіру бойынша тариф, тарифтік реттеудің шығынды әдісімен бекітілген.

Осыған байланысты реттелетін қызмет бойынша сапа көрсеткіштері бекітілмеген.

5. Кәсіпорын қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу.

Көрсетілген Ережелердің 367-тармағына сәйкес уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық органының реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін бекітуі тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдану кезінде жүзеге асырылады. «Qarmet» АҚ ЖЭО-2 үшін жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге тариф, тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып бекітілетін.

Осыған байланысты кәсіпорын бойынша қызмет тиімділігінің көрсеткіштері бекітілмеген.

6. Тарифтік сметаны орындау

Есептік кезеңде «Qarmet» АҚ ЖЭО-2-нің жылу энергиясын өндіру бойынша қолданыстағы тарифі Қарағанды облысы бойынша ТМРКД 28.08.2024ж. № 102-ОД бұйрығының негізінде 1 Гкал үшін 3 229,92 теңгені (ҚҚС-сыз) құрайды.

2025 жылдың 1 жартыжылдығында жылу энергиясының нақты өзіндік құны 1 Гкал үшін 5 284,81 теңгені құрады, бұл бекітілген тарифтен 38% -ға жоғары.

Қызмет түрлері бойынша шығындарды, кірістерді және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу әдістемесіне сәйкес, 2025 жылдың 1 жартыжылдығында жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар бекітілген тарифтік сметада көзделген 5 197 650 мың теңге болған кезде 7 364 079 мың теңгені құрады. Өсім – 2 166 429 мың теңге немесе 42 %.

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес қалыптасқан 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шығын - 1 451 723 мың теңгені құрады.

Кәсіпорынның шығындылығы тарифтің реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну және табиғи монополия субъектісінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне бағытталған пайда алу жөніндегі шығындарды өтеуді қамтамасыз етпеуінен туындап отыр. Негізгі себептер: пайдалану материалдарына, технологиялық суға, көлік пен логистикаға бағаның өсуі, экологиялық іс-шараларға және еңбекті қорғауға арналған шығындардың өсуі, жөндеу мен жабдықтарды ұстауға арналған шығындардың ұлғаюы болып табылады.

2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы "Qarmet" АҚ (Теміртау қ. ЖЭО-2)
өндірісінің аралас үлгісіндегі станцияларда жылу энергиясын өндіру жөніндегі
қызметтерге тарифтік сметаның орындалуы туралы
ЕСЕБІ

№ р/р	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген 28.08.2024 жылғы № 102-ОД бұйрығы	Тарифтік сметаның нақты қалыптас- қан көрсеткіш- тері	% ауытқуы
1	2	3	4	5	6
1	Тауарлар мен қызметтерді өндіруге арналған шығындар, барлығы	мың теңге	5 161 321,80	6 450 250,68	24,97
1	Шикізат және материалдар, барлығы	мың теңге	34 900,50	65 033,37	86,34
	оның ішінде				
1.1	химиялық реагенттер	мың теңге	21 000,00	52 254,32	148,83
1.2	пайдалану материалдары	мың теңге	10 997,00	12 779,05	16,20
1.3	сүзгіш материалдар	мың теңге	2 903,50	0,00	-100,00
2	Технологиялық мақсаттарға арналған отын	мың теңге	4 405 696,04	4 180 643,73	-5,11
2.1	көмір	мың теңге	3 424 185,90	3 718 263,00	8,59
2.2	мазут	мың теңге	981 510,14	462 380,73	-52,89
3	Көлікке арналған ЖЖМ	мың теңге	7 200,00	5 399,33	-25,01
4	Энергия	мың теңге	4 137,50	18 221,75	340,40
5	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар, барлығы	мың теңге	430 285,30	837 979,58	94,75
	оның ішінде:				
5.1	жалақы,	мың теңге	408 705,64	715 236,02	75,00
5.2	әлеуметтік салық	мың теңге	21 579,66	122 743,56	468,79
6	Амортизация	мың теңге	4 516,50	199 244,95	4 311,49
7	Жөндеу, барлығы	мың теңге	95 000,00	322 279,94	239,24
	оның ішінде:				
7.1	негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	мың теңге	64 086,50	228 884,60	257,15
7.2	ағымдағы жөндеу	мың теңге	30 913,50	93 395,34	202,12
8	Өндірістік сипаттағы қызметтер, оның ішінде:	мың теңге	175 478,45	771 782,49	339,82
8.1	кәріз қызметтері және ағынды суларды тазарту	мың теңге	1 142,25	7 387,00	546,71
8.2	шаруашылық қажеттілікке арналған су	мың теңге	205,30	3 674,29	1 689,72
8.3	автокөлік жөніндегі қызметтер	мың теңге	1 146,20	85 161,47	7 329,90
8.4	т/ж көлігі бойынша қызметтер	мың теңге	19 004,50	186 483,85	881,26
8.5	аспаптарды мемлекеттік тексеру	мың теңге	193,20	3 555,04	1 740,08

8.6	технологиялық қажеттілікке арналған су	мың теңге	127 397,00	424 162,28	232,95
8.7	байланыс қызметтері	мың теңге	31,00	4 323,79	13 847,71
8.8	өрт сөндіргіштерді зарядтау	мың теңге	12,00	66,46	453,84
8.9	бульдозерлерді жалға алу	мың теңге	3 120,00	2 694,96	-13,62
8.10	комбинат цехтарының өзге де қызметтері	мың теңге	7 760,00	22 772,40	193,46
8.11	комбинаттың өз өндірісінің материалдары	мың теңге	5 180,00	3 379,51	-34,76
8.12	комбинаттың өз өндірісінің қосалқы бөлігі	мың теңге	8 087,00	8 490,30	4,99
8.13	еңбекті қорғау және ҚТ шығындары	мың теңге	2 200,00	19 631,13	792,32
9	Бөгде ұйымдардың қызметтері, оның ішінде:	мың теңге	3 778,00	45 530,82	1 105,16
9.1	тұрмыстық үй-жайларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтер	мың теңге	538,00	2 651,15	392,78
9.2	әскерилендірілген күзет	мың теңге	3 240,00	42 879,67	1 223,45
10	Басқа да шығындар	мың теңге	329,50	4 134,73	1 154,85
II	Кезең шығындары, барлығы	мың теңге	36 328,15	913 828,38	2 415,48
11	Жалпы әкімшілік шығындар, барлығы	мың теңге			
	оның ішінде:		36 328,15	913 828,38	2 415,48
11.1	әкімшілік қызметкердің жалақысы	мың теңге	16 633,88	29 103,68	74,97
11.2	әлеуметтік салық	мың теңге	878,27	4 994,56	468,68
11.3	салық төлемдері мен алымдары	мың теңге	119,00	10 421,14	8 657,26
11.4	іссапар	мың теңге	32,50	63,19	94,43
11.5	байланыс қызметтері	мың теңге	481,00	510,20	6,07
11.6	аудитория, маркет акы төлеу қызметтер көрсету	мың теңге	216,50	0,00	-100,00
11.7	банк көрсететін қызметтер	мың теңге	200,00	13 692,70	6 746,35
11.8	қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем	мың теңге	17 767,00	855 042,91	4 712,53
III	Барлық шығындар	мың теңге	5 197 649,94	7 364 079,06	41,68
IV	Пайда	мың теңге	10 415,50	-1 451 722,57	
V	Барлық кірістер	мың теңге	5 208 065,44		
VI	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	мың теңге	1 364,07	1 398,735	2,54
		мың теңге	5 208 065,44	7 364 079,06	41,40
VII	Тариф (ҚҚС-сыз)	мың теңге	3 818,05	5 264,81	37,89
VIII	2023 жылғы негізсіз табыс	мың теңге	802 244,87		
IX	НТ ескерілген барлық кірістер	мың теңге	4 405 820,57		
X	2023 жылға арналған НТ ескерілген тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/Гкал	3 229,92		

7. Инвестициялық бағдарламаны орындау

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында инвестициялық бағдарлама қарастырылмаған.

8. Кәсіпорын қызметінің келешектері туралы

Өңірдегі энергия тұтынудың өсуі жағдайында, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындар да ЖЭО-2 жылу және электр энергиясының маңызды жеткізушісі болып калуда. ЖЭО ескірген жабдықтары ПӘК арттыру, апаттылықты төмендету және экологиялық қауіпсіздікті арттыру үшін жоспарлы ауыстыру мен қайта жанартудан өтеді. Қазіргі заманғы қазандықтар мен автоматты басқару жүйелерін енгізу станция жұмысын айтарлықтай жақсартуы мүмкін. Мемлекет тарапынан қолдау болған немесе инвесторларды тартқан жағдайда станцияны жаңғыртуды іске асыруға болады.

Жаңа технологияларды пайдалану, отын мен жылуды есептеуді цифрландыру, энергия тиімділігін арттыру өндірістік шығындарды айтарлықтай азайтуға және жылу энергиясын өндіруге арналған шығындарды оңтайландыруға көмектеседі.

«Qarmet» АҚ компаниясы өз тұтынушыларын уақтылы және сапалы қызметпен қамтамасыз ету үшін кәсіпорында барлық жағдайды жасау үшін бар күш-жігерін салады.